

ҰБТ ережесіндегі өзгерістер

Құрметті ата-аналар!

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 30 қарашадағы №658 бұйрығына сәйкес ҚР БҒМ-нің 2017 жылғы 2 мамырдағы «Бірыңғай ұлттық тестілеу және кешенді тестілеуді жүргізу ережесін бекіту туралы» №204 бұйрығына өзгерістер енгізілді.

1. **Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) ұғымы өзгертілді** - жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының бір түрі.

2. **ҰБТ қатысушыларының категориялары кеңейді**, бұл орта білім беру ұйымдарының 11 (12) сынып оқушылары қалауы бойынша ЖОО-ға ақылы негізде оқуға түсу үшін және сондай-ақ шығармашылық мамандықтардан басқа мамандықтарға ауыстырылған ЖОО-ның студенттері.

3. **ҰБТ-ны қабылдау үшін құжаттарды беру туралы тармақта өзгерістер енгізілді**. Мына құжаттарды тапсыру керек: белгіленген үлгідегі, жеке басын куәландыратын құжат бойынша толтырылған өтінішті; 3x4 сантиметр көлеміндегі екі фотосуретті; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; білім алып жатқан орта білім беру ұйымының анықтамасы

4. **2019 жылдан бастап ҰБТ қаңтар, наурыз, маусым-шілде және тамыз айларында төрт рет өткізіледі.**

1) Қалауы бойынша ЖОО-ға **ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11(12) сынып оқушыларына күнтізбелік жылғы 1 және 15 желтоқсан аралығында құжаттар қабылдау және 15 қаңтардан 20 қаңтар аралығында ҰБТ өткізіледі (ақылы)**

2) Қалауы бойынша ЖОО-ға **ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушыларына күнтізбелік жылғы 1 және 15 ақпан аралығында құжаттарды қабылдау және 24 наурыздан 29 наурыз аралығында ҰБТ өткізіледі (ақылы)**

3) Қалауы бойынша ЖОО-ға **ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушыларына күнтізбелік жылғы 10 наурыз бен 10 мамыр аралығында құжаттарды қабылдау және 20 маусым по 5 шілде аралығында ҰБТ өткізіледі. (ақысыз)**

4) Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін халықаралық алмасу желісі бойынша шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарға **құжаттар қабылдау күнтізбелік жылғы 10 мамыр мен 5 маусым аралығында және 20 маусымнан 5 шілде аралығында ҰБТ өткізіледі. (ақылы)**

5) Қалауы бойынша республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілеріне **құжаттарды қабылдау күнтізбелік жылғы 25 шілде мен 3 тамыз аралығында және 17 және 20 тамыз аралығында ҰБТ өткізу өткізіледі (ақылы)**

Қаңтар, наурыз айларында өткізілетін тестілеуден кейін ЖОО-на тек ақылы негізде түсуге болады. Оның үстіне, егер бітіруші грантқа түсуге жоспарласа, ол маусым-шілде айларында міндетті түрде ҰБТ тапсыруы керек. Мемлекеттік гранттар

негізгі ҰБТ тапсырылғаннан кейін таратылады. (Маусым-шілде айларында өтпелі балл ала алмаған бітірушілер тамыз айында ҰБТ-ны қайтадан тапсыра ала алады.

5. Соңымен қатар шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне сәйкес шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) - кемінде 310 балл), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – 79-ден кем емес), (TOEFL (ТОЙФЛ) шекті балл –567 баллдан кем емес), International English Language Tests System (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – 6.0 баллдан кем емес) халықаралық сертификаттары бар адамдар қалауы бойынша «Шет тілі (ағылшын)» бейіндік пәнін немесе арнайы пән бойынша тестілеу тапсырудан босатылады. Егер бітіруші тілді жақсы меңгерген болса, ол пән бойынша тест тапсырмауына болады. Ол жай ғана растайтын куәлікті тапсырып, белгілі бір ұпай жинайды.

6. **Жалпы 2019 жылы ҰБТ тапсыру үлгісі өзгермеді.** 5 пән (3 міндетті + 2 мамандандырылған). Тест тапсырмаларының барлығы -120. Жалпы сынақ уақыты: 3 сағат 50 минут (230 минут). Максималды балл: 140.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының ұқсас бағыттарына оқуға түсушілерді қоспағанда орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін ҰБТ тест тапсырмаларының саны:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша – 20;
- 2) математикалық сауаттылық бойынша – 20;
- 3) оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша – 20;
- 4) бірінші бейіндік пән бойынша – 30;
- 5) екінші бейіндік пән бойынша – 30.

7. Бейіндік пәндері ЖОО білім беру бағдарламасына сәйкес таңдалады. Желілік ЖОО қабылдау комиссиясы бейіндік пәндер көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесінің ақпарат парақтарын беруді ұйымдастырады.

Ақпараттық парақ – ҰБТ өткізу пунктінде немесе базалық жоғары оқу орны ҰБТ сертификатымен бірге, сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін өтініш беру кезінде жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясы беретін, таңдаған бейіндік пәндер комбинациясына сәйкес берілетін парақ. Ақпараттық парақ: білім беру бағдарламалар топтарының тізбесі, ағымдағы жылы бөлінген білім беру гранттарының саны және өткен жылғы білім беру гранттарын тағайындау конкурсының нәтижелері туралы ақпаратты қамтиды.

11 (12) сыныпты оқушылары өз беттерімен ҰБТ өткізу орындарында тіркеледі.